

ОРЫС ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ОНЛАЙН СЕМИНАР: МӘСКЕУ - АЛМАТЫ

Шетел азаматтарына арналған филологиялық мамандықтар және ЖОО дайындық кафедрасының оқытушылары мен студенттері Мәскеу мемлекеттік аймақтық университетінде (ММАУ, Ресей) өткен орыс тілін оқытудың этно-бағытталған әдістемесі бойынша онлайн семинарларға қатысты: 31 қазан (Вьетнам тілінде сөйлеушілер үшін), 1 қараша (түркі тілдерінде сөйлеушілер үшін) және 2 қараша (Иран тілінде сөйлеушілер үшін).



31 қазан күні Абай атындағы ҚазҰПУ-дің 2 курс магистранты Нгуен Тхань Чунг аталмыш онлайн семинарда Қазақстандағы орыс тілін оқытын вьетнамдық студенттердің әлеуметтік-мәдени және академиялық (білімдік) бейімделуі туралы баяндама жасады (жетекшісі - профессор Балғазина Б.С.). Оның баяндамасы онлайн-семинардың тыңдаушылары арасында қызығушылық тудырды. Баяндаманың соңында барлық тыңдаушылар оған қол соғып, қошеметке бөледі.



2 қарашада кафедра оқытушысы доцент Нұрахунова Г.М. және кафедраның қауымдастырылған профессоры Айтқазина Т.Т. орыс тілін иран тілде сөйлейтін студенттерге үйрету мәселелері туралы баяндама жасады.



Дайындық тобының тыңдаушылары Хусейнов Сидик (Тәжікстан) және Жалали Саадат Ариффе (Иран) Абай атындағы ҚазҰПУ-дағы оқу туралы айтып берді.

